



**“ИНТЕРБЕЛСЕНДІ
ӘДІС- ТӘСІЛДЕРДІ
ОҚУ САБАҚТАРЫНДА
ТИІМДІ ҚОЛДАНУ”**

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр.

Жаңа мазмұнды оқытудың нәтижелілігі мұғалімнің шеберлігі мен ізденісіне көп байланысты. Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру ұстаздың білімділігін, жан-жақтылығын және кәсіби шеберлігін талап етері сөзсіз.






«Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету яғни, ағылшын тілінен аударғанда «бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді.

«Интерактивтік» сөзі интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтің, жұптың, топтың өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма-кезек әсер етуі.

Интерактивтік оқыту формалары:

1. Жұптасып жұмыс істеу
2. Ауыспалы үштік
3. Айналмақ /Карусель/
4. Шағын топтармен жұмыс
5. Аквариум
6. Аяқталмаған сөйлем
7. Ми толқыны /мозговой штурм/
8. Броундық қозғалыс
9. Есеп ағашы
10. Өз атынан сот
11. Азаматтық тыңдау
12. Іскерлік ойын
13. Өз позицияңды ұстан
14. Дискуссия
15. Дебат т.б.






**«МАҒАН АЙТЫП БЕРСЕҢ –
ҰМЫТЫП ҚАЛАМЫН, КӨРСЕТСЕҢ –
ЕСТЕ САҚТАЙМЫН, ӨЗІМЕ ЖАСАТСАҢ
– ҮЙРЕНЕМІН».**

КОНФУЦИИ

Оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің есте сақталуы

(А. Маслоудың идеялары бойынша Н.Сандерстың кестесі)



Оқу әрекеттері	Есте сақталу көрсеткіші
Лекция	5%
Оқу	10%
Аудио- және видео құралдарды, интерактивті тақтаны қолдану	15%
Көрсету (көрнекіліктер: жобалар, кестелер, схемалар, суреттер)	30%
Пікірталас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

Сабақ	Мектеп
Күні:	Мұғалімнің есімі:
Сынып:	Қатысқандар саны : Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:	
Сабаққа негізделген оқу мақсаты: (мақсаттары)	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар: - Оқушылардың басым бөлігі:- Кейбір оқушылар:-
Тілдік мақсат:	Оқушылар істей алады?
Негізгі сөздер мен тіркестер Талқылауға арналған тармақтар Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Жазылым бойынша ұсыныстар:	
Жоспар:	



Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы	<ul style="list-style-type: none">➤ <u>Жағымды атмосфера.</u>➤ <u>Топқа бөлу: “Оқу құралдары”</u>➤ <u>Болжам стратегиясы.</u>➤ <u>Терминдер кестесі.</u>	Бөлшектерге бөлінген сурет. Үлестірмелі кестелер.
Ортасы	<ul style="list-style-type: none">➤ <u>Кемпірқосақ</u>➤ <u>Мылқау пікірталас</u>	А3 қағазы, түрлі түсті маркер
Аяқталуы	<ul style="list-style-type: none">➤ <u>Қолшатыр</u>	Қолшатыр макеті, стикерлер
Рефлексия		
Бағалау	Үш шапалақ.	



«ПОРТРЕТ САЛУ» ӘДІСІ

Оқушылар жұптасып бір-біріне қарама-қарсы отырып, парақты бастарына қойып бірінің портретін бірі төбелерінде салады, салып болғаннан кейін тілек жазып, салған портреттерімен алмасады.

“Топқа бөлу” түрлері



*Білім алушыларды
түстер бойынша топқа
бөлу.*



«Мозайка құрастыру»
*Бөлшектенген
суреттерді құрастыру.*




➤ Болжам стратегиясы.

Суретте не берілген? Біз кім жайлы сөз қозғамақпыз? т.б.




Терминдер кестесі



Оқу іс – әрекеті барысында тақтаға тақырып бойынша 3 негізгі терминдерді жазып, қатысушыларға терминге байланысты кесте толтырылуын ұсынамын.

Сөздік қор	Байланыстырып сөйлеу	Актив және пассив сөздер



Балабақшадағы сөздік жұмысы балаларға жаңа сөздер үйрету арқылы олардың активті сөздік қорын толықтыру. Әрине, балалардың сөздік қорын дамыту оларды айнала қоршаған ортамен таныстырумен қатар жүреді. Сөз – ұғымды, түсінікті білдіретін негізгі лексикалық бірлік. Әрбір сөздің өзіндік мағынасы, дыбыстық таңбасы және морфологиялық құрылысы болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың **сөздік қорын** дамытуда сөздің осындай ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Өйткені, жасы өскен сайын балада заттар, құбылыстар туралы ұғымы кеңейіп, тілі мен ойлауы күрделене түседі, жеке сөздерді, сөз тіркестерін сөйлемдерді қатесіз айта бастайды, **байланыстырып сөйлеу дағдылары** қалыптастырылады. Сөйтіп бала тілінде **актив және пассив сөздер** болып екі топқа болып бөлінеді. Бала тілінің активті қорына оның тұрған жерінің ерекшелігі, ата-анасының кәсібі де әсер етуі мүмкін. Мысалы, шопан ауылында тұратын баланың сөздік қорына мал шаруашылығына байланысты сөздер жиі кездеседі. Сондықтан тәрбиеші өз тобындағы балалардың сөздік қорын дамытуда айналасындағылардың тіл ерекшеліктеріне көңіл бөлуі еді.

Ал пассив сөздерге бала мағынасын түсенетін, бірақ өз бетімен сөйлегенде пайдаланбайтын сөздері жатады.

Терминдер кестесі



Тақырыбы: “Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік жұмысын жүргізудің мазмұны”


Сөздік қор	Байланыстырып сөйлеу	Актив және пассив сөздер

Кемпіркосак

Әр оқушы (бастапқы топта)

тыңдайды және (түрлі түсті топта)

сөйлейді. Топтарды қимылдатуға және талқылауға орын қалдыра отырып, стандартты орналастыру қажет. Алдымен оқушыларды топтарға бөліп отырғызыңыз. Топтардың барлығына бір тақырып немесе әр топқа бөлек тақырып беріледі. Оқушылар бастапқы топта тақырып бойынша талқылау жұмыстарын жүргізеді. Талқылаудан кейін оқушыларға түстер беріп, тиісінше қайтадан топқа бөледі. Жаңа топтар «бастапқы топ» қатысушыларынан тұрады. Кейін оқушылар жаңа топта не талқылағандарын айту үшін «бастапқы топқа» қайта оралады. Бұл одан әрі талқылауға түрткі болады.



Тақырыбы: “Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыруда балаларды ұйымдастырудың формалары”



Жоспар:

- Сабақ
- Экскурсия
- Бақылау
- Эксперимент
- Серуен

Мылқау пікірталас



- Қатысушыларға тақырып көлемінде 4 көзқарас талқылау ұсынылады. Талқылау барысы келесі кезекпен ұйымдастырылады:
- Шағын топқа бөлу.
- Топтың әрбір мүшесі плакатқа жазылған тұжырыммен танысады да, соңына аяқталмаған екі сөйлемнің бірін аяқтайды. «Автормен келісемін, өйткені...» Жұмыстың бұл кезеңінде сөйлесуге, талқауға тиым салынады.
- Шағын топтар барлық 4 плакатты аралап шығады.
- Барлық топтар өз ойларын плакаттарға жазып болған соң, әр топ бір плакаттағы жазуларды талдап, оларды қорытындылау тапсырмасы ұсынылады.
- Әр топ өз ойларын ортаға салады, бүкіл аудитория талқылайды.



Қолшатыр стратегиясы
арқылы Өз ойыңды
білдір.

Әр топқа бір-бір сұрақ
қою арқылы Өз
түсініктерін қорғайды



ArtAlbum.org.ua

1. Матаның қандай түрлерін білесіңдер?
2. Матадан жасалған бұйымдарды атаңдар?
3. Олардың бір - бірінен қандай ерекшелігі бар?
4. Матаның қалай жасалатынын білесіңдер ме?

Оқудың интерактивті әдістерінің артықшылығы:




- * оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- * әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- * әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- * оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- * оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- * кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- * оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- * өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- * мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқыту оқушының:



- ❖ Еркін ойлануына мүмкіндік береді,
- ❖ Ақыл-ойын дамытады;
- ❖ Шығармашылық белсенділігін арттырады;
- ❖ Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
- ❖ Тіл байлығын жетілдіреді;
- ❖ Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың педагог үшін пайдасы:



- ❖ Түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- ❖ Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік береді;
- ❖ Әр оқушының білім деңгейін анықтауға болады;
- ❖ Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді;
- ❖ Оқушылардың барлығын бағалауға болады.